

Д. Мұқан, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 4-бағам студенті

Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

ҚОРЛАУ ЗАҢДАРЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?!

«Әрбір журналист сөз құдыретіне терең түініп, ұғыну керек. БАҚ-тарда белгілі бір жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты негізсіз тағылған айып, дәлелсіз айтылған жала кез-келген қаламды қарымды журналисті сот табалырығына дейін жеткізу мүмкін¹.

Ең алдымен «Қорлау заңдар» сөздерінің мағынасын ашып алайық: «Қорлау туралы заңдар» — сөз бостандығы, еркін ақпарат алмасу, көзқарасымен пікірінді еркін білдіру, яғни баспасөз бостандығына жататын түсініктердің бәріне басты шектеу қоятын заңды негіз болып табылады².

Мысал келтірсек: Лидерлер кешірмеген «қорлаулар»: *Уругвай*: «Республика» газетінің редакторын: электростанса құрылысын нашар ұйымдастырды деп жазған материалы үшін ғана «шетел басшысын «қорлады» деген айып тақты. *Украина*: Журналистер: аймақтық лидерлердің бірін «валюталық алып-сатарлықпен айналысты» деп айыптағаны үшін «олар оны «өлдерде қорлады» деп, «Ридна земля» газетін жапты. *Куба*: Журналисті «адамды қорлайтын және құрмет көрсетпеген мінезі үшін» деген айыппен итемір торға қамаған. Ал оның бар кі-нәсі — «Егін орағы» күнін мерекелеп жатқан кезде полиция мен жас кубалықтар арасында туындаған жанжал туралы материал жариялаған. *Замбия*: «Пост» газетінің редакторын дәйексөз келтіргені үшін «қылмыстық жала жапты» деп айыптаған.

Дегенмен кейбір айырмашылықтар да бар. Жалпы жабу туралы заңдар, тұтастай алғанда, фактілерді бұрмалауға қарсы бағытталған. Олар адамның беделіне әділетсіз нұқсан келтіруге қарсы бағытталған. Ал қорлау туралы заңдардың мақсаты, негізінен, беделге қарағанда, «ар-намысты» көбірек қорғайды және көп жағдайда өтірік үшін емес, қайта керісінше, шындықты айтқанына бола; сондай-ақ фактілерді аздап бұрмалағаны үшін емес, өз пікірін білдіргеніне бола немесе оны сатиралық формада баяндап, ауыр сөздерді қолданып, ал кейде тіпті дұрыс тәрбие алмағанын көрсетіп қалғаны үшін жазалауға бағытталған.

Кез-келген адам, мейлі ол президент не премьер-министр болсын- өз беделіне әділетсіз нұқсан келтіруден қорғануға құқы бар. Бірақ бұл үшін ешқандай да арнайы заңдар қажет емес. Ауызша және жазбаша жала жабудан қорғайтын механизмдер кәдімгі азаматтық заңнаманың ішінде бар және оған кез келген қатардағы азамат секілді мемлекет қайраткерлері де жүгіне алады.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, баспасөздегі қорғайтын дүниежүзілік комитет (WPFC) — 90 мемлекетті және территорияны, яғни БҰҰ-ға (ООН) мүше елдердің жартысына жуығын қамтыған кең ауқымды зерттеу жүргізгенде, мұндай заңдар әрбір ірі аумақта бар екенін және оларды бұқаралық ақпарат құралдары қызметін уақытша тоқтатуға немесе жабу үшін, сондай-ақ журналистерді түрмеге қамап, газеттер мен журналдарға айыппұл салған кезде — заңдық негіз ретінде жиі пайдаланатынын көрсетіп берді. WPFC-нің бұл зерттеуі : «Қорлау туралы заңдар –еркін баспасөзді қорлау»³ деп аталады.

Зерттеуші Қ. Шамақайұлының сөзімен қорытындылағымыз келеді: «... сөз бостандығының көрініс табатын бірден бір тетігі – тәуелсіз масс –медиа құралдарына келсек, ол-демократияны дамытушы фактор болумен қатар оның өмір сүру кепілдігі екендігін ұмытпауға тиіспіз. Сайып келгенде, демократия дегеніміздің өзі Джефферсон айтқандай «бақыт үшін күресіп өмір сүру және әркім сөз босандығына ие болу».

¹ Тасболатова К. «Қазақстан журналистикасы: құқықтық негіздер», Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. — Алматы, 2008.

² «Қорлау туралы заңдар», Халықтан жасырын, 6- бет, — Алматы, 2010.

³ Сонда болды.